



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 1 (92)

Нұр-Сұлтан
2021

Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Археология

Жауымбаев С.У. Қарқаралы өңірін археологиялық тұрғыдан зерттеу	4
Утубаев Ж.Р., Сүйіндікова М.Қ. Бәбіш мола көзешілер елді мекенінің керамикадағы таңба тәрізді белгілері	10
М. Хабдулина, М. Педрацки, Г. Букешева. Қола дәуірі мәдениеттерінің Қазақстанның археологиялық ескерткіштері негізіндегі байланыстары	21
Әбілмәліков Қ.Қ., Зайберт В.Ф. 2020 жылы Ботай елді мекенінде жүргізілген археологиялық зерттеулер	33

Этнография

С. Дж. Ардаев. Звездные ориентиры туркменских караванов	38
Артықбаев Ж.О. Қаңға баба – көне өркениет орталығы	44
Нұрдаулетова Б.И. Маңғыстау және маңғыттар ..	56
Тойшанұлы А. Нар идірген нақыстар	63
Мухамедина Э. Тайжан Қалмағамбетовтің өмірі мен шығармашылығы	75
Төлегенұлы Қ. Абақ Керей Сарбас руы туралы	85
Жәкішева З.С. Түркі халықтарының этномәдениетіндегі дәстүрлі музыкалық аспаптар	97

Антропология

О. Исмагулов, А. Исмагулова. В поддержку Президента независимого Казахстана	110
--	-----

Филология

Аймұхамбет Ж.Ә. Мифтік танымдағы анимизм және көркем әдебиеттегі кейіптеу	124
Сарекенова Қ.Қ. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ғылым салалары	136

Алтаев Б.Е. Ставший легендой при жизни	146
---	-----

Современное искусство

Нугер Д. Методологии экспедиционных и не экспедиционных художников степи XVIII в.	157
---	-----

CONTENTS

Archeology

Zhauymbaev S.U. Archaeological research of the Karkarala region	4
Utubayev Zh.R., Suyundukova M.K. Tamga-like signs in ceramics in the Babish mola 7 settlement	10
M. Khabdulina, M. Pedracki, G. Bukesheva. Interaction of cultures of the era of bronze based on archaeological monuments of Kazakhstan	21
K. K. Abilmalikov, V. F. Zaibert. Archaeological research on Botai settlement in 2020	33

Ethnography

S.J. Ardaev. Star landmarks of turkmen caravans	38
Artykbayev Zh.O. Kanga baba – center of ancient civilisation	44
Nurdauletova B.I. Mangystau and mangits	56
Toishanuky A. Ritual songs for taming female pets to their young	63
Mukhamedina E. The life and work of Tijan Kalmagambetov	75
K. Tolegenuly. Sarbas tribe in Abak Keray	85
Zhakisheva Z.S. Traditional musical instruments in the ethnoculture of turkic people	97

Anthropology

O. Ismagulov, A. Ismagulova. In support of the President of independent Kazakhstan	110
---	-----

Philology

Aimukhambet Zh.A. Animism in the mythical mind and the artistic imagination	124
Sarekenova K.K. Branches of science in the works of Abay Kunanbayuly	136

Altaev B.E. The core was full of flames	146
--	-----

Modern Art

Nuger D. To the problem of researching the methodologies of expeditionary and non-expeditionary Steppe artists of the 18th century	157
---	-----



Тойшанұлы А.
Халықаралық Түркі академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: akedil8@mail.ru

НАР ИДІРГЕН НАҚЫСТАР

*Лапылдап, мұз көңілді күйдірген күй,
Балқытып мұз жүректі сүйдірген күй.
Тасытып тас емшекті тандыр болған,
Бота боп нар інгенді идірген күй.*

Ілияс Жансүгіров

Төлді телу салты жыры – түркі-моңғол халықтарында ежелгі заманнан бері таралған мал шаруашылығына қатысты фольклорлық-музыкалық ескі мұра. Жетім қалған немесе анасы жеріген төлді магиялық сөз, музыкалық әуен, ғұрыптық әрекет жасап, ұрғашы малдың аналық түйсігін оятып, аштыққа ұшыратпау үшін жас төлді жағызып емізу малшы қауымның мал түлігінің өсіп-өнуіне, сүт өнімін мол алуға қажетті салты болды.

Бұл зерттеуде алғаш рет қазақ, өзбек, моңғол, бурят, қалмақ, қырғыз, телеңгіт, алтай, торғауыт, тыва халықтарынан жинақталған материалдар өзара салыстырылып, типологиялық тұрғыдан зерттелді. Нәтижесінде түркі-моңғол халықтары салттық музыка мен поэзияның құдыреті арқылы саналы адам баласы тұрмақ, тілсіз хайуан малдың да жүрегін елжірететін қасиетті өнерді меңгеріп, өз әмірін айналасына рухани тәсілдермен жүргізе білген деген қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: *төйге, тээгэ-тээгэ, тойг-тойг, турей-турей, төл телу, магия, фольклор, музыка, ритуал, түркі-моңғол, қазақ, қырғыз, өзбек, тыва, моңғол, бурят, қалмақ.*

Адамзат баласы алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінен қоршаған табиғатты, аң-құстарды, мал-хайуандарды өзіне бағындырып, күнкөріс көзі ету үшін түрлі амалдарды қолданғаны тарихтан мәлім. Мұндағы неше алуан салттардың өзегінде магиялық шара, мифтік жүйе аясында қоршаған ортаны тірі кейіпкер ретінде қатынас жасап, оған ырым-сырым мәндес музыка, би, өлең арнап еліктіру, адамға бағынышты ету амалы бар. Осындай мағынадағы халық шығармасының үлгілерінің бір парасы еңбек-кәсіп жырларының қатарына жатады. Түркі-моңғол халықтарында сақталған жетім немесе жеріген төлді енесіне телу салты жырын жанрлық тұрғыдан тексерген зерттеушілер еңбек жыры қатарына жатқызып

келеді (Содном, 1964: 24-26; Аксенов, 1964: 20; Гаадамба, Цэрэнсодном, 1967: 41; Дугаров, 1969: 277; Линховоин, 1972: 18-19; Шаракшинова, 1975: 186; Каралькин, 1978: 37-44; Сампилдэндэв, 1987: 27-28; Саримсоков, 1988: 223-224; Кондратьева, 1996: 1-20; Жураев, 2008: 54-55).

Қазақта бұл жыр үлгісі аға буын ғалымдар тарапынан ұмытылған, мүлде жоғалған мұраға енгізіліп келген (Арғынбаев, 1969: 75; Уахатов, 1974: 102). Шын мәнісінде бұл өлең шетел қазақтары арасында сақталғандықтан тәуелсіздіктен кейін кешеуілдеп болсын зерттеле бастады (Қинаятұлы: 1998). Соңғы жылдардағы зерттеулер арқылы қазақта бес түліктің төлін телу салты жыры бар екені анық болды.

Этнограф Б. Қинаятұлының зерттеуінде қозыны телу жыры тұңғыш талданып, аталмыш өлеңнің қайырмасында айтылатын «төйге» одағайына байланысты бұл үлгі «Төйгелеу жыры» деп атала бастады. Академик С. Қасқабасов жалпы редакциясын басқарған «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінде автор қазақта қозыны қойға, бұзауды сиырға телу жыры бар екені сараланды, ал бота, құлын, лақ телу жырларының мәтіні ол кезде табылмаған себепті талдаудан сырт қалды (Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең, 2008: 39-54).

Моңғол фольклорында қозыны, ботаны, бұзауды телу жырларының үлгісі бар екені ғылымда әлдеқашан анық болған. Диқаншылықты негізгі кәсібі ететін өзбектер арасында да қозыны телу жыры бар екені айқындалып, сол елдің ғалымдары тарапынан зерттеу нысанына айналған болатын (Ўзбек халқ оғзаки поэтик ижоди, 1980: 80-81). Ілгерідегі бір мақалада осы мәселеге салыстырмалы талдау жасаған едік (Тойшанұлы, 2011).

Бүгінгі уақытта ғылыми экспедициялық ізденіс нәтижесінде қазақ халқында қозыны қойға, лақты ешкіге, бұзауды сиырға, ботаны інгенге, құлынды биеге телу жырының мәтіндері табылды, осылайша малшылық кәсіпті өміріне арқау еткен қазақ елінде бес түлік малдың төлін телу жырының нұсқалары толық сақталғандығы айқын болды. Сонымен бірге қырғызда, өзбекте, қалмақта, бурятта, алтай, телеңгітте, тувада кездесетін басқадай үлгілер де назарға ілінгендіктен, олардың ерекшелігі мен үндестігін тексере түсу қажеттілігі туды. Төл телу салты жырының түркі-моңғол халықтарының бұтақтарына кең таралып, орасан үлкен жағырапиялық аймаққа жайылуы оның өте ежелгі үлгі екендігін көрсетеді. Фольклорлық-музыканы зерттеуші маман Н.М. Кондратьеваның пікірінше, бұл өлеңнің қайырмасы әрбір малды шақырғанда, телігенде айтатын арнайы дыбыстық-символикалық сөздермен қоса айтылып, бұл одағайлар түрік халықтары арасында бүгінге дейін біркелкі ұласқандықтан үлгіні б.з.д I мыңжылдықта пайда болған деуге негіз бар (Кондратьева, 1996: 18). Әлбетте, малды шақырғанда, сауғанда, төлді телігенде айтылатын бұл магиялық формулалы тіркестер түрік-моңғол халықтарында негізінен ортақ қалыпта таралған. Бүгіндері бұл өлеңнің мәтіндері қазақ, алтай, телеңгіт, қырғыз, өзбек, моңғол, бурят, қалмақ, торғауыт елдерінде парапар кездесуі бұл тақырыпта арнайы

типологиялық зерттеу жүргізудің маңызын арттырды.

Жазғытұрым қар астынан қылтиған жауқазынмен бірге өмірге сән берген жас төлдің жамыраған үні даланы тербейді. Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілетін өліарада кейбір саулықтар аяқастынан жерініп, ауызданбаған жас төлге де, шопанға да қолайсыздық тудырады. Ашқұрсақ қалып, маңыраған қозыны шопандар әлдилегендей елжіреген үнмен телу жырын айтады:

*Төйге, қойым, төйге,
Өзіңнен туган бала гой,
Бауырыңа сала гой,
Ала гой, қойым, ала гой.
Жусан жесең жуып бер,
Изен жесең иіп бер,
Төйге, төйге, төйге¹.*

Қоңырқай үнмен шопандар айтатын жеріген қой мен қошақанды демде табыстыратын әлдите ұқсас бұл қоңыр әуен ұлы дала жұртына кең таралған.

Әдетте телу жырының басы жаттанды да таптаурын тапқақтармен басталады, әрі қарай орындаушылар машықты үлгіні өз қабілет-қарымына сәйкес өңдеп-әрлеп, жөргеп-жөндеп орындай беретін болған. Мысалы:

*Төйке, қойым, төйке.
Ала гой, қойым, ала гой,
Иісі бөтен дегенің,
Қозыңа жапқан жала гой.
Бауырына енеңнің,
Қорықпай, қозым, бара гой!
Төйге, қойым, төйге.*

Қозыны телу жырының қайырмасында қазақта негізінен «төйге-төйге», «түббей-түббей», «төй-төй», тувада «хойгоо-хойгоо», «доогу-доогу», «тпро-тпро», моңғолда «тойг-тойг», «хос-хос», бурятта «тээгэ-тээгэ», «гутай», қалмақта «пөөһә-пөөһә», «пэгээ-пэгээ», «хос-хос», «бтъуга-бтъуга», қырғызда «түгөй-түгөй», «тшой-тшой» (бұл қазақтағы қойды шақырғанда

¹Бұл дағдылы мәтін Моңғолиядағы, Қытайдағы қазақтар арасында да айтылады. Сонымен бірге ешқандай өзгеріссіз РФ Қошағаш қазақтары арасында айтылады, әуендері де ұқсас. Өлеңнің әуені мен сөзін қатар тыңдауыңызға болады. Айтуды: РФ Қошағаш ауданы, Орталық селосы тұрғыны Р.Б. Сыдықова. 1997 жылы жазып алған: Н.М.Кондратьева, М.В.Якубская, И.В.Октябрьская. Қараңыз: <https://www.culture.ru/objects/386/skotovodcheskie-zagovory-altaisikh-kazakhov>



айтатын «пүшейт-пүшейт» сөзіне ұқсас), өзбекте «турей-турей», пуфей-пуфей», теленгітте, алтайда «тбөй-тбөй, той-той» одағайы айтылады екен. Бұл одағайлар біз нысан еткен халықтарға ортақ екені байқалады.

«Тувөй – этнографиялық сөз, қой ауруын емдеген емшінің арбауы осы сөзбен аяқталады» деп жазылған «Қырғызша-орысша» сөздікте (Киргизско-русский словарь, 1965: 762). Ал қазақта тіл-көз тимесін деп ырым етсе немесе науқасты емші ұшықтаса «тфэй-тфэй» дейтіні белгілі. Олай болса қозыны қойға телу жырында айтылатын қазақтағы «түббей-түббей», өзбектегі «пуфей-пуфей» одағайлары үндес әрі тамырлас. Қазақтағы «төйге-төйге», моңғолдағы «тойг-тойг», буряттағы «тээгэ-тээгэ», қырғыздағы «түгөй-түгөй», тывадағы «хойгоо-хойгоо» сөздері де ортақ.

«Тойг-тойг» сөзінің арғы тегін академик Д. Цэрэнсодном орта ғасыр түркі поэзиясы ескерткіштерінде кездесетін «туюг» жанрымен сабақтастырады, сөздің төркінін якут тілінде өлең, бақсы сарыны мағынасын беретін «тойун» түбірімен байланыстырады (Цэрэнсодном, 2012: 195). Алайда ғалымның бұл пікірі арықарай зерттеуді қажет етеді. Бурят ғалымы Д.С. Дугаров «тээгэ» этимоны мағынасы белгісіз, бұл қойды шақырғанда ерінді жымқырып «тпройэ», «тпройэ» деп дауыстаудан вибрация арқылы дами келе «тпроэ» үні пайда болып, еліктеуіш дыбыс-буындардың қосарлануынан «тойго», «тээгэ», «тайга» одағай сөзі туып, қалыптасқан деген пікір білдіреді (Дугаров, 2012: 71).

Біздің оймызша, «төйге» одағайы – қойды немесе қой түлігінің рух-иесін бағындыру үшін айтылатын магиялық тылсым формула. Өйткені, арбау мәндес формулалы сөздер арғы әлем өкілдерімен байланыс жасауға бағышталғандықтан адамзат ұғымына түсініксіз жат сөздерден құралатыны наным-сенімдер фольклоры мұраларынан белгілі.

Төлді телу жырының мәтіндері қазақ, алтай, теленгіт, қырғыз, өзбек, моңғол, бурят, қалмақ халықтарында бірегей дағдылы сарында ортақ кездесуі бұл салттың осы халықтардың отау тігіп, енші алып бөлінбеген, көгентүп заманында қалыптасып, малшылық өмірге дендеп енгендігін көрсетеді. Бұл өлеңнің сонау есте жоқ ескі заманнан бері кеңістіктер мен уақыттарды басып өтіп, сарқыншағы дәл бүгінгі күні ел арасында орындалуы көшпелі халықтардың зердесінің беріктігін, сонымен бірге көктемгі күйек науқанында төлдің аман-есен аяқтанып,

мал басының өсуін, сүт өнімінің мол болуын ойластырған қажеттіліктен туған деуге болады.

Егер мал төлінен жерісе немесе төлі өлгендіктен ембесе емшегін сүт керіп, желінсау ауруына душар болады. Ал шарға жетім қалған төлді бөтен қойға шұғыл теліп алғызбаса, шөпке отығып үлгермеген жас қозы көктемнің көкөзек шағында аштыққа ұшырауы ықтимал. Осындай практикалық сипатқа байланысты төлді телу жыры, соның ішінде қозыны қойға телу жыры бақташылар арасында жиі айтылып, бұл салт бүгінгі күнге ұласып отыр.

Төлді телу жырының құрылысын тексергенде төмендегі сарындар кездесетіні айқындалды: 1. Малды алдау-алдарқату, мақтау, сол арқылы мейірлендіру сарыны; 2. Түсіндіру, үгіттеу, сендіру, көндіру сарыны; 3. Сес көрсету, доңайбат жасау, зекіру, қорқыту, жазғыру, жазалау сарыны.

Қазақ пен өзбек, қырғызда осы негізгі үш сарын ортақ арнада кездеседі деуге болады. Ал моңғол, бурят, қалмақта бірінші мен екінші сарындар ұқсас кепте кездеседі, ал үшінші, яғни малға доңайбат көрсету, зекіру, қорқыту, жазалау сарындары некен-саяқ кездеседі деуге болады. Зекіру сарынымен айтылатын өлең ҚХР Шыңжаңдағы торғауыт моңғолдарында, сонымен бірге жеке шумақтар моңғолдың кейбір телу жырында бар. Жалпы, моңғол, қалмақ, бурятта көктемнің аумалы-төкпелі күн райы көріністерін төлі өлген малдың хал-күйімен теңдестіру, шендестіру сарыны басым байқалады. Мысалы, бурятта:

*Хадын саһан хайлахал даа, тээгэ, тээгэ,
Хахинаг найрам урдахал даа, тээгэ, тээгэ,
Хайлгана шубуун ерэхэл даа, тээгэ, тээгэ,
Хабарай хагсуу халхинда,
Хажуудашни юун шэни хэбтэхэб даа, тээгэ, тээгэ*
(Дугаров, 2012: 70)

*Таудың қары еруде, тээгэ, тээгэ,
Жылгадан бұлақ ағады, тээгэ, тээгэ,
Шагала құсы келуде, тээгэ, тээгэ,
Көктемнің ызғырық желінде,
Жаныңа кімің жатады, тээгэ.*

Көктем шуағымен қардың еруі, бұлақтың ағуы, жыл құсының келуі, гүл-балаусаның өсуі, ызғырық желдің соғуы секілді құбылыстармен малдың жалғыздығын, жас төлдің панасыздығын түйілістіре, шендестіре түсіндіру сарыны моңғол, бурят, қалмақта ортақ кездеседі. Мысалы, қалмақтың «Желіні жоқ бозторғай, балапанын

ертеді, желіні бар қошақан, қасыңа кімді ертесің, бтъуга, бтъуга» деген телу өлеңі бар (Дугаров, 2012: 71).

Жиналған материалдарға қарағанда телу жырын бақташылар көктемде мал төлдеген шақта қозы мен қойға арнап айтатыны, бұған жайылымда бағылатын далалық қойдың өз қозысы өлсе бөтен қозыны жатырқап алмайтыны немесе төлінен тез жеритін жатырқағыш, кірпияз, иіспіл мінез-құлқы себеп болған. Сондықтан да басқа төлдерге қарағанда қозыны телу жырының мәтіні біз тексеріп отырған халықтарда әжептәуір толық әрі әлденеше нұсқада сақталған. Ботаны телу жыры моңғолда, бурятта, сонымен бірге қазақта (бір үлгі) сақталса, бұзауды телу жыры қазақта, қалмақта, бурятта, телеңгітте, лақты телу жыры қазақ пен қырғызда, өзбекте сақталғаны белгілі болып отыр.

Телу жырын негізінен сауыншы әйелдер созылыңқы, майдақоңыр, биязы өтінген мақаммен, малдың төліне деген аналық түйсігін ояту үшін елжіреген үнмен айтатын болған.

«Бұл жағдайдан бақташының хайуанаттар әлеміне деген жанашыр мейірбандылығын, сонымен бірге қатынас деңгейін байқауға болады: әйел өз перзентін еркелеткендей мейірлі үнмен әндетеді, мал да әуенте елітіп төлін жатырқамай емізеді, еміреніп ісінеді, сүт бұлағын ағызады» (Собиров, 1980: 81).

Осылайша дуалы өлең сөз, ырым әрекет, ән-әуез ұштастырыла, тұтастырыла келе бақташы қауым жетім төлді енелі етеді, сөз бен саз өнеріне сүйеніп, тілі жоқ малекеш малдың өзін діттеген мақсатына, шаруа-кәсібіне бағынысты етеді.

Қозыны телу жырының үлгілері қазақ, қырғыз, моңғол, бурят, қалмақ, өзбекте әжептәуір деңгейде сақталған. Себебі, қой мен қозының аман-есен аяқтанып, өсіп-өнуі – осы халықтардың тіршілігінің негізгі тірегі. Алтай, телеңгітте кездесетін мәтіндер осы өлеңді орындаушылар қатары әбден сиреген кезде жазылып алынғандықтан сөзі келте әрі тым қарапайым, әр айтушының ойдан құрауымен тұрақсыз болып келсе, тыва халқында төл телу жыры ұмытылып, тек қана әуені сақталғаны белгілі болып отыр.

Қазақта кездесетін қозыны телу жырының төмендегі мәтінінде салттық әдіс көрініс тапқан:

*Өз балаңнан жануарым, тәй-тәй,
Жеріп тұрсың сен неғып?
Жалатамын қозыңды, тәй-тәй,
Мұрыныңнан жіп тағып.*

(Сауан ауданының өлең-жырлары, 1992: 2-3)

Мәтінде қойшының қозыны иіскету, жалату үшін шонданайына тұз, қант сеуіп, қойдың мұрынынан жіп өткізіп, оған байлау, таңу арқылы зорлық жасайтын амалы көрініс тапқан. Ал, өзбектер қозының құйрығына тұз жағып, енесі екеуін ор қазып, қараңғы апанға уақытша қамау арқылы бір-біріне бауыр бастыру шарасын қолданатын болған. Өзбектің мына өлеңінде қоқан-лоққы сарыны байқалады:

*Болангни ол, жонивор, турай-турай,
Сен болангни олмасанг, турай-турай,
Ола итни ечарман, турай-турай,
Оёгингни тушарман, турай-турай,
Ола итни құшарман, турай-турай*

*Балаңды ал, жануар, турай-турай,
Сен балаңды алмасаң, турай-турай,
Ала итті шешермін, турай-турай,
Аяғыңды тұсармын, турай-турай,
Ала итті қосармын, турай-турай.*

Осылайша өзбекте де зекіру, қорқыту, сонымен бірге алдарқату, түсіндіру сарыны алма-кезек ауысып отырады. «Балалылар базарда, турай-турай, баласыздар мазарда, турай-турай. Ал, балаңды жануар, турай-турай, сал мейіріңді жануар, турай-турай» деген жолдарда үгіттеу, ұқтырумен бірге өзбектердің тұрмыс-тіршілік картинасы да көрініс тауып, олар үшін базардың мәні зор екені пайымдалған (Ўзбек халқ оғзаки поэтик ижоди, 1980: 81).

Қырғызда да «иесіне қозың мүлік болар» деп төлдің аман-есен өсуі керектігін ұқтырады:

*Чоңойсо балаң пул болор,
Козудан өтсө ирик болор
Ирик болуп сатылса,
Коч ушка теңге жык толор.*

*Шоңайса балаң пұл болар,
Қозыдан өтсе ісек болар.
Ісек болып сатылса,
Қос уысқа теңге нық толар.*

Қырғыз қой телу жырында қойды үгіттеу, түсіндіру, сонымен бірге қорқыту амалы қатар байқалады:

*Түгөй, коюм, түгөй,
Менин коюм алынчаак,
Ала мончок салынчаак...
Кекире жесең кепшеп бер,
Шыбак жесең шыпқап бер...
Өз баланды ала кой, коюм,
Мээр эмчегің сала кой, коюм.*



МӘДЕНИ МҰРА

Түгөй, қойым, түгөй,
Менің қойым алыншақ,
Ала моншақ салыншақ...
Кекіре жесең күйсеп бер,
Жусан жесең жусап бер...
Өз балаңды ала қой, қойым,
Мейір, емшегіңді сала қой, қойым (Кыргыздар:
..., 2011:382).

Телеңгіттер лақты ешкіге телігенде «Тчу-
тчу, балаң ал, Жасыл өлең берерім» десе, «кой
дьерігенде/ кой жерігенде» былайша үгіттеп
әндетеді:

Тойың балаң тастама
Кой башы,
Тату баланды тастама
Кой башы
Алмасаң қойым балаңды,
Алты күнге буларым.
Жерісен қойым баланды,
Жеті күнге буларым.

Қазақшасы:
Тойғыз балаңды тастама,
Кой басы.
Тату балаңды тастама,
Кой басы.
Алмасаң, қойым, балаңды,
Алты күнге байлармын.
Жерісең, қойым, балаңды,
Жеті күнге байлармын.

Қырғыздың қозы телу салтында қойды
үгіттеген иесі «ала моншақ салыншақ» деп
жануарды алдарқатып, мейірімді етуге
тырысқаны байқалады. Қойдың сүйіп жейтін
кекіре, жусан секілді шөптерін есіне салып,
емшегі сүтке толғандықтан енді мейірленіп,
төлін емізу қажет екенін ұқтырады. Бұл жолдар
«жусан жесең жуып бер, изен жесең иіп бер»
дейтін қазақтағы нұсқамен ұқсас.

Алынсаң алты күн,
От жерге айдап бағабыз.
Алынбасаң алты күн,
Керегеге таңабыз.

Алатын болсаң алты күн,
От жерге айдап бағамыз.
Алмайтын болсаң алты күн,
Керегеге таңамыз (Кыргыздар: ..., 2011: 382).

Қойды мейірімге шақырып, аналық пейілін
оятуға күш салған иесі төлін алатын болса,
отты жерге баққалы, егер алмайтын болса,
керегеге таңып жазалайтынын айтып ескерту

жасап, бір сөзбен айтқанда талап-шарт қояды.
Бұл қазақтағы «өз қозыңнан жаңылма, керегеге
таңылма» деген жолдарға ұқсас. Сонымен бірге
қырғызда «әр қайсы қойға түрттіріп, әлсіретпе
қозыңды» деп қошақанды аялау керек екендігін
түсіндіреді:

Зарылтпағын козуңду,
Ачкадан өзек үзбөсүн.
Ар қайсы койго бараганда,
Қапталдата сүзбөсүн.
Тишой, тишой, тишой кой!

Зарықтырма қозыңды,
Аштықтан өзек үзбесін.
Әр қайсы қойға барганда,
Қапталдата сүзбесін.

ҚХР Шыңжаңда өмір сүретін торғауыт
моңғолдардың төл телу жырында да қойға зекіру,
қорқыту сарыны кездеседі:

Аялгуулж дуулаад өгөхөд,
Авахгүй бол чинь чамайг,
Хависыг чинь хадарна,
Ханчрыг чинь огтолно би.
Гүрээг чинь тасална,
Гүзээг чинь хагална би.
Тойг, тойг, тойг!

Әндеткенде төліңді,
Алмасаң, бәлем, көр енді.
Ақтарайын шарбыңды,
Жарайын есіп шабыңды,
Қолқаңды үзіп суырып,
Сөгейін ішек-қарныңды.
Тойг, тойг, тойг!

(Дулам, Нандинбилиг. Монгол аман зохиолын
онол. Улаанбаатар, 2007: 309-б).

Осы мәндес бір шумақ өлеңді белгілі
фольклортанушы Х. Сампилдэндэв те
жариялайды (Сампилдэндэв. Малчин ардын зан
үйлийн уламжлалал. Улаанбаатар, 1985: 45).

Қойды қорқыту, қарғау қырғызда да кездеседі:
Өз балаңды жерісең
Қыйын болор өзүңө?
Мааратып балаң жерісең,
Тикен кирсин көзүңө !

Өз балаңнан жерісең,
Қиын болар өзіңе.
Маңыратып балаң жерісең,
Тікен кірсін көзіңе!

Төмендегі бір мәтінде үркіншілік заманында ҚХР ШҰАР-дағы Алтай бетінен Моңғолияның Баян-Өлгий жеріне босып-ауып келгенағайынның қамырыққан көңіл-күйі, тағдыр тәлкегіне еріксіз мойынұсынуы көрініс табады. Сауыншы әйел жетім қозыны енесіне телумен бірге өзінің туған жерден, қасиетті ағажай Алтайдай панасынан айрылып, жетім халге түскен торығыңқы күйін айтып, момақан қошақанмен ән-әуез арқылы мұң шағысады, сырласады. Бір сөзбен айтқанда, бұл нұсқада телу салты жырына тарихи өлеңнің элементі ептеп кіріккені байқалады.

Бұрынғы дәуірде Қаратаудан ауған алты алаш боздаған бос тайлақпен сырласып «Елім-ай» деп аһ ұрса, енді Алтайдан босқан ел момақан қоймен баяу тілдесіп, «Заман-ай» деп іштей тыншып, шерге батқаны аңғарылады:

*Басқа қозы саған жоқ,
Бұдан басқа балаң жоқ.
Алмауыңа амал жоқ,
Алтайдағы заман жоқ.
Төйге, қойым, төйге!*

(Автордың экспедициялық материалы, 2012).

Осылайша дуалы өлең сөз, ырым әрекет, ән-әуез ұштастырыла, тұтастырыла келе бақташы қауым жетім төлді енелі етеді, шөпке отықпаған оны аш қалудан сақтайды.

Шопандар қой түлігіне төйге айтса, ешкіні шөрелеу арқылы теліген. Зерттеудің нәтижесінде ешкіні телу жыры аса сирек болса да кездесетіні анық болды. Оның нұсқалары қазақ пен қырғызда, өзбекте, телеңгітте белгілі.

Қазақ халқының ешкі телу жыры мынадай:

*Жалпақ жүнді көк ешкім,
Саған бүгін не кестім?
Өз лағыңды алмайтын,
Сайтанға қайдан кеңестің?*

*Алыңдар ешкім, алыңдар,
Қой алдынан барыңдар.
Өз лағың өлген соң,
Ішіңде сенің зарың бар.
Басыңды байлап қойған соң,
Тулайтын қанша халің бар?!*

(Автордың экспедициялық материалы, 2012).

Экспедиция кезінде дерек беруші малшы қауым лақ телу жырында өлең айтпай-ақ, тек қана «шөре-шөре» деген одағайды әндете қайталап, ешкіні елітіп, баурап алатынын айтады. Өзбекте де «шөрелеу» басым секілді.

Фольклортанушы О. Собиров «эчки соғувчи қүшиқсиз «чурей-чурейни» қайта-қайта айтиб

туриш билан кифояланади» (ешкі сауушы өлеңсіз «шөре-шөрени» қайта-қайта айтумен шектеледі) деп жазады (Ўзбек халқ оғзаки поэтик ижоди, 1980: 81).

Ал, белгілі ғалым М. Жураев «жазғытұрым төлдеген кейбір жас тушалар лағынан жерісе, шопандар «шөре-шөре» жырын айтып алғызады» деп шөрелеу жырынан үлгі келтіреді:

*Шохларинг бор бир минор, чирие,
Минорга кушлар кунар, чирие.
Боланг олиб искасанг, чирие,
Куюнган юрагинг конар, чирие.*

*Мүйіздерің бір мұнар, шөре,
Мұнараға құс қонар, шөре.
Балаңды алып иіскесең, шөре,*

Күйінген жүрек қуанар, шөре (Жураев, 2008: 54-55).

Қырғыздағы «Эчки телүү ыры» мынадай:

*Чучуу, чучуу...
Улағыңды албасаң,
Уруп жатып өлтүрөм,
Эмчегинди бербесең,
Этиңди кесип өлтүрөм.
Чучуу, чучуу!
Башы жакшы эчким,
Багып калат баласын.
Көзү жакшы ечким,*

Көрүп калат баласын! (Кыргыздар. Т.5., 2011: 382-383).

Телеңгітте лақ телгенде бастан-аяқ айтылатын «Тчу-тчу балаң ал, жасыл өлең берерім» деген бір жол үгіттеу сарыны ғана сақталып қалыпты.

Қазақта шопан таяғымен қойды бүйірінен түртіп қалғаннан болып ешкі жаралған деген миф таралған. Бұған ұқсас наным-сенім түркі тектес халықтарда кездеседі. Мысалы, алтайлықтар арасында төменгі әлем иесі Эрлик-бий Тәңірге бәсекелесіп, қойды жаратпақ болып әрекеттенгенде оқыстан ешкі өмірге келген немесе қатал қарау бай қозыны бақташы кедейге бермейтін болғандықтан, кедейдің несібесін ойлаған жаратушы сиықсыз етіп лақты жаратқан деген түсінік бар (Алтай кеп-куучындар, 1994: 347).

Бұл мысалдардан біз байырғы танымда ешкіні ел төменгі әлем рух-иесімен байланыстырғанын байқай аламыз.

Қолдағы бар мәліметтерге қарағанда, қозыны телу жырының мәтіні әжептәуір мол, ал ешкіні шөрелеу үлгісі өте аз. Әлбетте, халық «қой –



МӘДЕНИ МҰРА

Тәңірден құрбандыққа жаралған» деген ұғым аясында осы түлікті ерекше қасиеттейтіндіктен қозыға арнаған әр алуан нұсқада өлең тудырған, ал керісінше ешкі қадірі кемшін мал болғандықтан оған тұрақты телу өлеңін арнай бермеуі де мүмкін. Қазақ, қырғыз, өзбек, телеңгітте ешкі телу жыры бірен-саран ғана кездессе, ал моңғол, бурят, қалмақта мұндай үлгілер жоқ секілді. Бұл жағдайдың екінші бір себебі – ешкі өте-мөте балажан мал болғандықтан, өз лағынан жеруі екіталай немесе бөтен лақты жатырқап емізбей қоюы да өмірде жиі кездесе бермейтін оқиға. Сондықтан салттық өлең айтуға қажеттілік те аз болған.

Қазақтағы лақ телу жыры «Өз лағыңды алмайтын, сайтанға қайдан кездестің» деп басталуы «ешкі шошаңдап молаға шығады, сайтанға үйір мал» деген ескілікті сенімнен хабар береді. «Өз лағың өлген соң, ішінде сенің зарың бар» деу малмен мұңдасу, сырласу болса, «басыңды байлап қойған соң, тулайтын қанша халің бар» деу ешкіге дөңайбат жасап, қорқыту тәсілі болады. Қырғызда «Басы жақсы ешкім, бағып қалат баласын» «Көзі жақсы ешкім, көріп қалат баласын» деп ешкіні мадақтау, сонымен бірге «Лағыңды алмасаң ұрып-соғып өлтірем», «Емшегіңді бермесең, етінді кесіп өлтірем» деп дөңайбат жасап қорқыту, талап ету сарыны айтылады.

Өзбектегі өлең мынау:

*Молда билинар қашқанг-а, чурей-чурей,
Борми бундан бошқанг-а, чурей-чурей,
Ана ерда ётганингда, чурей-чурей,
Ёнингда ўйнар жон боланг-а, чурей-чурей,
(Ўзбек халқ оғзаки поэтик ижоди, 1980: 81).*

*Малда білінер қасқан, шөре-шөре,
Бар ма бұдан басқан, шөре-шөре.
Ана жерде жатқаныңда, шөре-шөре,
Жаныңда ойнар жан балаң, шөре-шөре.*

Бұл мәтінде де ешкіні мадақтау, түсіндіру, ұқтыру сарындары байқалады.

Бұзау телу жыры қазақта, моңғолда, қалмақта, бурятта, телеңгітте сақталған. Мұндай үлгі қырғыз бен өзбекте белгісіз.

Қазақтағы мұндай жырдың бір үлгісі «Мұра» журналында жарияланса (Мұра, 1991: 83-84), екінші нұсқа ҚХР Сауан ауданы қазақтарынан жазып алынған «Сауан ауданының өлең-жырлары» деген жинақта жарияланған. Бұзау телу жыры әдеттегідей малды үгіттеу, түсіндіру сарынымен басталған:

*Аухау, аухау, жануар,
Иеңде сенің бағы бар.
Тас емшегің жібіткен,
Тар құрсағың кеңіткен,
Бұзауың сенің тағы бар.
Мекіреніп иіскеші,
Кезің келді сауылар.*

Жырдың келесі бір шумағында сауыншы «Зеңгі бабам аруағы, мені салды жораға» деп түліктің рух-иесінің атынан сөйлеп, негізінен сиырды ұқтыру, үгіттеу амалын жасайды, сонымен бірге «Алып қалдым қораға, ақылыма көнбесең, дайын тұр киіз қолаба» деп сес көрсетіп, ескерту жасаса, келесі нұсқада «Білмейсің бе, әукетай, қолаба тықса қиынын» деп сиырды қорқыту, бопсалау пиғылын аңғартады. Мұндағы қолаба аспабын малшы қауым сиырдың жатырына тығып, кері суырғанда қайта туған секілді шартты рефлексі елестеткендіктен ол төлін оңай алатын.

Телеңгітте сиырды үгіттеу сарыны қолданылған:

*Ө-гө, ийнегим.
Дьаш балаңды эмизип,
Дьана пассан, ийнегей.
Дьабы тукты киргессин,
Ашкар ийзен, ийнегим.*

*Өгө-өгө, сиырым,
Жас балаңды емізіп,
Жаныңа басшы сиырым.
Жауып жылы жүніңмен,
Асырашы сиырым.*

Бұзауды телігенде жырдың қайырмасында қазақта «аухау-аухау», қалмақта «хов-хов», бурятта «өв-өв», телеңгітте «өгө-өгө» одағайы қайталанады.

Бурят этнографы С.П. Балдаевтың жазып алған мәтініне қарағанда жеріген сиырдың хал-күйін әдеттегідей табиғатпен үндестіру сарыны байқалады (Борджанова, 2007: 416). Мәтінді аударсақ мағынасы былай:

*Көк шөп биік өскенде,
Желініңді сүт керер.
Омырауың сыздаса,
Емшегіңді кім емер?
Азанда кетсең өріске,
Артыңнан қарап кім ерер?
Бұзауың егер болмаса,
Алдыңнан мөңіреп кім келер?*

Қалмақтағы мәтінде «хоов-хоов» одағайын қайталап әдеттегідей таптаурын тақпақпен

басталған телу жыры бұрынғы үлгілердегідей қыс мезгілінің аязын сиырға ескертіп, үгіттеу амалын көздейді. Бұдан байқайтынымыз, қалмақ пен буряттағы бұзау телу жырларында жыл мезгілі суреттерін малдың хал-күйіне шендестіру, үндестіру дағдысы олардағы қозы, бота телу үлгілерімен тектес, ұқсас. Мысалы:

*Хоов, хоов, хоов,
Хач, хач, хач!
Үвлин хар киитнд,
Хажудан кенэн дахулнач?
Өнчн юмн кевтэхэр
Өрэлэд йовад йовнач?
(Борджанова, 1999: 48)*

*Қыстың қара суығында,
Қасыңа кімді ертесің.
Жетімсіреп түнеуге,
Мөңіреп жалғыз жетесің.*

Ізденістер нәтижесінде құлынды телу жырының әзірше бір үлгісі тек қазақ халқында ғана сақталғаны анық болды. Алтай, телеңгіттерде әуені ғана айтылады. Кейбір зерттеушілер мұндай үлгі қазақта сақталмаған деген пікір білдірген (Қазақтың этнографиялық категориялар, ..., 2013: 69).

Осы жырдың нұсқасы басқа жұрттарда әзірге белгісіз. Бұған себеп, жылқы ешқашан өз құлынын жатырқамайтын сергек, тіпті өз иесін жыға танытын есті түлік болғандықтан оған арнап телу салты зады орындалмайтын да болған. Әйткенмен, түрлі төтенше жағдайларға душар болғанда бие құлынынан жеритін. Мысалы, жас төлге қасқыр, жылан жоласа немесе көші-қон, жұт кезінде туған құлынды енесінен бөліп тасымалдағанда оның денесіне түрлі қолайсыз иіс-қоңыс сіңгендіктен бие малы жатырқауы кәдік. Кей жағдайда жетім қалған құлынды басқа биеге телу үшін салт орындалуы ықтимал. Профессор Б. Базылхан құлынды «тоқым тарту» деп аталатын тәсілмен телитін рәсім ел арасында бар екені туралы жазады. Ол үшін арқасына тоқым тартып байлаған биені ұзақ жүргізіп терлетеді де, әлгі тер сіңген тоқымды құлынның жонына жабулап тастайды. Жас құлынның арқасына биенің өз иісі сіңіп қалатындықтан бөгде құлынды ол жатырқамай қабылдайтын болған (Бұқатұлы, 1980: 142).

ҚХР-дағы қазақтар арасынан жазылып алынған құлын телу жырында биеге дөңайбат жасау, сес көрсету, қорқыту сарыны үстем. Асау мінезді биеге аяғын байлайтын шідер бар екенін ескертіп, одан қалса алдыңғы аяғын бүкпелеп

күрде салу, сол арқылы үш аяқтатып жуасыту, бұған бойұсынбаса жылқының аяулы да әйеншек мүшесі үстіңгі ерніне қайыспен аямай бұрау салып, шұралау амалын қолданатынын айтып, қорқытады, көзін таңатын, таяқтайтын жаза да бар екенін ескертеді.

*Құру-құру, құру сал,
Таяқ жемей құлыныңды ал.
Тыпырласаң тепкілеп,
Күрде, шідер бәрі бар.*

*Тыңдамасаң сөзімді,
Таяқтаймын өзіңді.
Шұрайыңды бұрайын,
Таңып қойып көзіңді.*

(Сауан ауданының өлең-жырлары, 1992: 2-4)

Құлын телу рәсімінің өлеңі қазақтан басқа түркі-моңғол халықтарының ешбіреуінде белгісіз болған себепті салыстырулар жасау мүмкін емес.

Ботаны телу жыры моңғолда, қалмақта бар, әзірше бір нұсқа қазақта бар екені анық болды. Моңғол мен қалмақтар ботаны інгенге телігенде хуур (қобыз) аспабын зарлатып тарту, «Жәңгір» эпосынан сарын толғау, «Ботақан, боташым» деген күйді орындау секілді амалдарды қолданып, түйенің музыкаға еліткіш қасиетін пайдаланып, бөтен төлді телитін болған. Мұндай әрекеттен кейін інгеннің жанары боталап, көзінен жас домалап, балажан мейірімі оянып, ботаны лезде емірене емізетін болған. Қазақтағы «Нар идірген», «Бозінгеннің күйі» деген күйлер әубаста осындай жағдайларға байланысты туғаны аңыздарда айтылады.

Бота телу жыры ҚХР-дағы қазақтар арасынан жазылып алынған. Жинаушылар ботаны қалай телитіндігі туралы мәлімет бермеген. Мәтінге қарағанда інгенді телуші жетелеп жүргені, терлеп-тепшіткені байқалады. Сонымен бірге жырды орындаушы қасындағы адамға диалог жасап, сұрақ-жауап беру мәнінде өлең орындағаны білінеді.

*Ботасынан жеріді,
Бозінгенім боталап.
Қыс кетіп, қар еріді,
Жетелеп келем жоталап.
Ала ма, жұртым, ала ма,
Бауырына сала ма?
Қыз күйеуден жерісе,
Түйең ботадан жерісе,
Жерімей өзі бара ма?
(Алады, алады!)
Жетелейін тағы да көс-көс,
Қолтығың, шабың терлесін.*



*Тез алса екен бағы ма, көс-көс,
Жеруің қайтып келмесін.
(Келмейді, келмейді!)*

(Сауан ауданының өлең-жырлары, 1992: 2-3)

Экспедициялық зерттеулерімізде мәлімет берушілер ботаны телігенде інгенге әйел адамды теріс қаратып мінгізіп, ауылдан ауылға аралатып, шаршатып, құлағына домбыра шертіп, содан кейін ботасын телитінін айтқан. Олай болса бұл жырдағы диалог інгенді жетелеп жыр айтушы мен оны мініп отырған әйел арасында болуы ықтимал деген болжам жасаймыз.

Моңғолдағы бота телу салты жырында інгенге сауал қою ишарасы бар. Өлең өтіну, мақтау, жалыну, түсіндіру сарынында айтылған. Осындай жырдың бір нұсқасында інгенге сүйіп жейтін жантақ, шеңгел, қараған секілді бұталы шөптерді жеп, тұнық суды қанып ішуін, сыздаған шөміштей желінін ботасына иіп емізуін түсіндіреді. Телу салты моңғолда хуур (қобыз), қалмақта домбыра аспабының сүйемелімен ауыл адамдарының алқалап қатысуымен орындалатын болған. Моңғолда бота телігенде жырдың қайырмасында «хөөс-хөөс» одағайы айтылған. Әлбетте бұл қазақта түйені шақырғанда айтылатын «көс-көс» сөзімен ортақ сипатта. Моңғолдағы тағы бір үлгі былай:

*Ангир шар уургийг чинь,
Амтлан шимэх үр болсон.
Алдрай бяцхан ботгоо юунд,
Андуу санан голсон юм бэ?
Өглөө босоод өмөлзөн зогсоно,
Өтгөн сүүгээ шимүүлээч.
Хөөс, хөөс, хөөс.*

*Сары уыз сүтінді,
Еметін түртіп ерінмен.
Ақ ботасын жатырқап,
Енесі неге жерінген.
Азаннан тұрып боздаған,
Емізсеңші өз балаң.
Хөөс, хөөс, хөөс.*

(Монгол ардын зан үйлийн аман зохиол,
1987: 29)

Інген қобыз, сыбызғы, домбыра күйіне еліккіш, сезімтал болғандықтан әлбетте аналық түйсігі жылдам ояңғыш, балажан, сол себептен де ботаны тез алатын болған. Сондықтан да қазақ, моңғол, қалмақтағы мәтіндерде інгенді ұрсу-жекіру, қорқыту, жазалау шаралары мүлде айтылмайды. Осы тұрғыдан бұл түр басқа төлдерді телу жырларынан елеулі айырмашылыққа ие.

Қорыта айтқанда, бұл зерттеуде түркі-моңғол халықтарының төл телу салты жыры кешенді де жүйелі салыстырылды. Алғаш рет бес түлік малдың төл телу жырлары типологиялық тұрғыдан тексеріліп, ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындалды. Зерттеуге қазақ, моңғол, қалмақ, торғауыт, бурят, өзбек, қырғыз, алтай, телеңгіт, тыва халықтарында сақталған қомақты материал негіз болды. Қазақта бес түлік малды телу жырларының мәтіндері сақталғандығы тұңғыш айқындалып, осы зерттеуге дәйекті нысан болды.

Кең байтақ сақара мен мыңғырған малдың иесі болған қазақ халқында бес түліктің, атап айтқанда қозы, лақ, бұзау, бота, құлынды телу жыры толық сақталғандығы айқындалды. Шаруақор қазақ жұртында байырғы мұраның түрлері бай екендігі, әсіресе басқа туысқан елдерде көмескіленіп кеткен көне үлгілер бізде сақталып, бүгінгі күнге жеткені өлеңқұмар ел жадының беріктігін көрсетеді.

Айталық, моңғолда қозыны, ботаны, бұзауды, қалмақта қозыны, бұзауды, ботаны, бурятта қозыны, бұзауды, қырғызда қозы мен лақты, өзбекте қозыны, лақты, телеңгітте лақ, қозы, бұзауды телу жырының үлгілері сақталған. Осы халықтардың ешбіреуінде құлынды телу жыры сақталмаған, ал лақ телу жыры қазақ, қырғыз, өзбек, телеңгітте кездеседі.

Кейбір түркі халықтарында мұндай үлгілер ұмытылып, жойылып, немесе күңгірттеніп солғындай бастаған. Тілдері жойылу қаупіне ұшыраған түркі халықтарында көне мәдени мұраға алдымен қатер төнгені белгілі. Айталық, тывада телу жырының өлең мәтіні сақталмай тек қана төл телігенде айтылатын дыбыстық-символикалық «хойгоо-хойгоо» одағай әуені сақталып қалған (Дутаров, 1969: 277; Аксенов, 1964: 20; Юша, 2005). Алтай, телеңгіт жұртында телу салтының тұрақты мәтіні бар тұтас өлеңі сақталмай тек қана әуенге сүйемелдеп айтатын бір-екі жол ұйқасты тіркесі қазіргі заманға жеткен.

Бұл жырлардың жанрлық белгісін тексерген қазақ, моңғол, қалмақ, бурят, өзбек, орыс ғалымдары осы үлгілерді мал шаруашылығына қатысты еңбек жырына топтастырады. Академик С. Қасқабасов «Қазақ фольклоры тарихы» монографиясында аталмыш жырларды еңбек фольклоры қатарына жіктеді. Яғни, төл телу салты жырының үлгілерін жанрлық тұрғыдан саралай келе, бұл түрді еңбек-кәсіп фольклоры құрамына жатқызу лайықты деген тұжырымды мамандар құптады деуге болады.

Төл телу салты жырында әсерлі әуен, сиқырлы сөз, күрделі ғұрыптық әрекет – үшеуінің тұтас күйінде болуы оның фольклордың синкретті дәуірінде туған көнелігінен хабар береді.

Түркі-моңғол халықтарының рухани әлемінің бастау көздерін біліп, даму жолдарын тексеру, ұлттық сөз бен саз өнерінің түп-төркінін, қалыптасу тарихын анықтауға біз талдаған үлгілер соны дерек бола алады. Ендігіде түркі-моңғол халықтарының

фольклорлық-музыкалық мұрасының ең көне буынын толықтайтын мәдени ескерткіш ретінде төлді телу жыры өз рухани орнын тапқаны жөн.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, түркі-моңғол халықтары музыка мен поэзияның құдыреті арқылы саналы адам баласы тұрмақ, тілсіз хайуан малдың да жүрегін елжіретіп, өз әмірін айналасына рухани тәсілдермен жүргізе білген деп қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. «Мұра» №3. 1991. Үрімжі.
2. Автордың экспедициялық материалы. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының 4.07.2012–01.08.2012 жылы аралығында Моңғолия мен Ресейдегі қазақтар арасына жүргізген фольклорлық-музыкалық кешенді экспедициясының материалы. Экспедиция жетекшісі: А. Тойшанұлы, мүшелері: С. Қорабай, Н. Әшір, Н. Набиолла. Лақ телу жырын айтып берген 1930 жылы туған Баян-Өлгий аймағы Дэлүүн сұмыны тұрғыны Қабан Құсайынұлы. 2012.
3. Аксенов А.Н. Тувинская народная музыка. Москва, 1964.
4. Алтай кеп-куучындар. Горно-Алтайск, 1994.
5. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы, 1969.
6. Борджанова Т.Г. Магическая поэзия калмыков. Элиста, 1999.
7. Борджанова Т.Г. Обрядовая поэзия калмыков. Элиста, 2007.
8. Бұқатұлы Б. Моңғолиядағы қазақтардың тілі. Улаанбаатар- Өлгий, 1991.
9. Гадамба Ш., Цэрэнсодном Д. Монгол ардын аман зохиолын дээж бичиг. Улаанбаатар, 1967.
10. Дугаров Д.С. Бурятские народные песни. Улан-удэ, 1969.
11. Дугаров Д.С. Песенное заклинание овцы «тээгэ». Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов, 2012.
12. Дулам С., Нандинбилиг Г. Монгол аман зохиолын онол. Улаанбаатар, 2007.
13. Жураев М. Узбек мавсумий маросим фольклори. Тошкент, 2008.
14. Жураев М. Узбек мавсумий маросим фольклори. Тошкент, 2008. 54-55-б.
15. Каралькин П.И. О древнейшем способе доения скота у Сибирских кочевников-скотоводов (по материалам Алтая и Тувы) // Этнография народов Алтая и Западной Сибири. Новосибирск, 1978.
16. Киргизско-русский словарь. Москва, 1965.
17. Кондратьева Н.М. Скотоводческие заговоры теленгитов. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата по искусствоведения. Новосибирск, 1996.
18. Кондратьева Н.М. Скотоводческие заговоры теленгитов. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата по искусствоведения. Новосибирск, 1996.
19. Кыргыздар. Т.5. Бишкек, 2011.
20. Кыргыздар: он төрт томдық. Ү том. Бишкек, 2011. 382-б.
21. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Фольклорлық кезең. Жалпы редакциясын басқарған Қасқабасов С. Алматы, 2008.
22. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Алматы, 2013.
23. Линховоин Л. Заметки о дореволюционном быте агинских бурят. Улан-Удэ, 1972.
24. Монголд ардын зан үйлийн аман зохиол. Эмхэтгэсэн Х. Сампилдэндэв. Улаанбаатар, 1987.
25. Саримсоков Б. Мехнат қўшиқлари // Ўзбек фольклори очерклари. Тошкент, 1988.
26. Сауан ауданының өлең-жырлары. Жинақты құрастырғандар: бас редакторы: Райыс Шөкен, орынбасары Падан Мұхамедкәрім, Құрманғажы Әкежан, Қайранбай Әбікен. – Күйтың: Іле халық баспасы, 1992 – 516 б.
27. Собиров О.Согим кушиги (Сауу өлеңі–А.Т) // Ўзбек халқ оғзаки поэтик ижоди. Тошкент, 1980. 81-б.
28. Содном Ч. Studia Mongolika., Tomus IV. Улаанбаатар, 1964.
29. Тойшанұлы А. «Төйгелеу» жырының үндестіктері мен ерекшеліктері (қазақ, өзбек, қырғыз, бурят, қалмақ, моңғолдағы нұсқалар бойынша) // Ақиқат. №5. 2011.



30. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы, 1974.
31. Ўзбек халқ оғзаки поэтик ижоди. Тошкент, 1980.
32. Хинаятұлы Б. «Төйгелеу – төрт түліктің төліне қатысты көне ғұрып» // ҚР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. Алматы, 1998.
33. Цэрэнсодном Д. Монгол ардын аман зохиолын тайлбарт дээж бичиг. Улаанбаатар, 2012.
34. Шаракшинова Н.О. Бурятское народное поэтическое творчество. Иркутск, 1975.
35. Юша Ж.М. Обрядовая поэзия тувинцев. Автореферат. Улан-Удэ, 2005.

References

1. «Mura» №3. 1991. Úrimji.
2. Avtordyń ekspedisialyq materialy. M.O. Áýezov atyndaǵy Ádebiet jáne óner institýtynyń 4.07.2012–01.08.2012 jyly aralyǵynda Mońǵolia men Reseidegi qazaqtar arasyna júrgizgen fólklorlyq-mýzykalyq keshendi ekspedisiasyńyń materialy. Ekspedisia jetekshisi: A. Toishanuly, músheleri: S. Qorabai, N. Áshir, N. Nabiolla. Laq telý jyryn aıtyp bergen 1930 jyly týǵan Baıan-Ólgi aimaǵy Delúúın sumyny turǵyny Qaban Qusaiynuly. 2012.
3. Aksenov A.N. Tývinskaia narodnaia mýzyka. Moskva, 1964.
4. Altai kep-kýychynder. Gorno-Altaysk, 1994.
5. Arǵynbaev H. Qazaqtyń mal sharıashylyǵy jaynda etnografialyq ocherk. Almaty, 1969.
6. Bordjanova T.G. Magicheskaja poezia kalmykov. Elista, 1999.
7. Bordjanova T.G. Obrádovaia poezia kalmykov. Elista, 2007.
8. Buqatuly B. Mońǵolhadaǵy qazaqtardyń tili. Ýlaanbaatar- Ólgi, 1991.
9. Gaadamba Sh., Serensodnom D. Mongol ardyn aman zohiolyn deej bichig. Ýlaanbaatar, 1967.
10. Dýgarov D.S. Býrátskie narodnye pesni. Ýlan-ýde, 1969.
11. Dýgarov D.S. Pesennoe zaklıanie ovsy «teege». Filologicheskie naýki. Voprosy teorii i praktiki. Tambov, 2012.
12. Dýlam S., Nandinbilg G. Mongol aman zohiolyn onol. Ýlaanbaatar, 2007.
13. Jýraev M. Ýzbek mavsýmı marosım fólklorı. Toshkent, 2008.
14. Jýraev M. Ýzbek mavsýmı marosım fólklorı. Toshkent, 2008. 54-55-b.
15. Karalkın P.I. O drevneishem sposobe doenia skota ý Sibırskih kochevnikov-skotovodov (po materialam Altaia i Tývy) // Etnografia narodov Altaia i Zapadnoi Sibiri. Novosibirsk, 1978.
16. Kirgızsko-rýsski slovar. Moskva, 1965.
17. Kondrateva N.M. Skotovodcheskie zagovory telengitov. Avtoreferat dissertası na soiskanie ýchenoi stepeni kandidata po iskýstvovedeniya. Novosibirsk, 1996.
18. Kondrateva N.M. Skotovodcheskie zagovory telengitov. Avtoreferat dissertası na soiskanie ýchenoi stepeni kandidata po iskýstvovedeniya. Novosibirsk, 1996.
19. Kyrgyzdar. T.5. Bıshkek, 2011.
20. Kyrgyzdar: on tórt tomdyk. Ú tom. Bishkek, 2011. 382-b.
21. Qazaq ádebietiniń tarihy. On tomdyq. 1-tom. Fólklorlyq kezeń. Jalpy redaksiyasyn basqarǵan Qasqabasov S. Almaty, 2008.
22. Qazaqtyń etnografialyq kategorıalar, úgymdar men ataýlarynyń dástúrli júesi. Almaty, 2013.
23. Linhovoin L. Zametki o dorevolúsiennom byte aginskıh býrát. Ýlan-Ýde, 1972.
24. Mongold ardyn zan úlün aman zohiol. Emhetgesen H. Sampildendev. Ýlaanbaatar, 1987.
25. Sarımsokov B. Mexnat qıshıqları // Ýzbek fólklorı ocherkları. Toshkent, 1988.
26. Saýan aýdanynyń óleń-jyrlary. Jınaqıy qurastyrgandar: bas redaktory: Raiys Shóken, orynbasary Padan Muhamedkárım, Qurmangajy Ákejan, Qairanbai Ábiken. – Kútyń: İle halyq baspasy, 1992 – 516 b.
27. Sobırov O. Sogım kýshıǵı (Saýý óleńi–A.T) // Ýzbek halq oǵzakı poetik ijodı. Toshkent, 1980. 81-b.
28. Sodnom Ch. Studia Mongolika, Tomus IV. Ýlaanbaatar, 1964.
29. Toishanuly A. «Tóigeleý» jyrynyń úndestikteri men erekshelekteri (qazaq, ózbek, qyrǵyz, býrát, qalmaq, mońǵoldaǵy nusqalar boıynsha) // Aqqat. №5. 2011.
30. Ýahatov B. Qazaqtyń halyq óleńderi. Almaty, 1974.
31. Ýzbek halq oǵzakı poetik ijodı. Toshkent, 1980.
32. Hınaiatuly B. «Tóigeleý – tórt túliktiń tóline qatysty kóne ǵuryp» // QR ǒA Habarlary. Qoǵamdyq ǵylymdar seriasy. Almaty, 1998.
33. Serensodnom D. Mongol ardyn aman zohiolyn tailbart deej bichig. Ýlaanbaatar, 2012.
34. Sharakshınova N.O. Býrátskoe narodnoe poeticheskoe tvorcestvo. Irkıtsk, 1975.
35. Iýsha J.M. Obrádovaia poezia tývinsev. Avtoreferat. Ýlan-Ýde, 2005.

Тойшанұлы А.
Международная Тюркская академия
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: akedil8@mail.ru

Toishanuky A.
International Turkic Academy
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: akedil8@mail.ru

ОБРЯДОВЫЕ ПЕСНИ ДЛЯ ПРИУЧЕНИЯ САМОК ДОМАШНИХ ЖИВОТНЫХ К ДЕТЕНЬШАМ

Приучение самок домашних животных к детенышам – древняя фольклорно-музыкальная традиция тюрко-монгольских народов, связанная с животноводческим хозяйством. Это был обряд, призванный сохранить от голода детеныша, оставшегося без матери или которого мать не подпускает к себе (с использованием магических слов, музыкальных напевов, ритуальных действий с целью пробудить материнские чувства у матки), и тем самым обеспечить благополучие скотоводческого общества.

В настоящем исследовании впервые сопоставляются и типологически исследуются материалы, собранные у таких народов, как казахи, узбеки, киргизы, монголы, буряты, калмыки, торгуты, алтайцы, теленгиты, тувинцы.

На основании проведенного исследования делается вывод, что тюрко-монгольские народы, используя силу музыки и поэзии, могли воздействовать таким духовным методом не только на разумного человека, но и на окружающую среду в лице бессловесных животных.

Ключевые слова: *тойге, тээгэ-тээгэ, тойг-тойг, турей-турей, магия, фольклор, музыка, ритуал, тюрко-монгол, казах, киргиз, узбек, тыва, монгол, бурят, калмык, теленгит, алтай, торгут, тыва.*

RITUAL SONGS FOR TAMING FEMALE PETS TO THEIR YOUNG

Calf-rearing or accommodation of females of domestic animals to their newly-born babies is the ancient folkloric and musical tradition of Turkic and Mongolian people related to animal farming. This ceremony was designed to save a calf deprived of the mother or denied mother's milk from hunger (ceremony using magic words, musical tunes, ritual actions aiming to wake up the maternal feelings of a uterus, a female), and thus ensure the prosperity of the pastoralist society.

In this research, the materials collected from Kazakhs, Uzbeks, Mongols, Buryats and Kalmuck, Kirghiz, Telengit, Altai, Torgauyt, Tuva have been compared and studied for the first time from typological point of view. On the basis of the results, it was argued that by using the power of music and poetry, and other spiritual methods Turkic and Mongolian people were able to influence not only a sensible man, but also the dumb animals and spiritual power affect rules of nature.

Keywords: *toige, taage-taage, toig-toig, turei-turei, magic, folklore, music, ritual, Turkic-Mongol, Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Tuvan, Mongol, Buryat, Kalmuck, Telengit, Altai, Torgauyt, Tuva.*